

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«Барлығына рахмет!»

(МАТ, «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған құттықтау челленджі)



Тәрбиеші: Орысбаева А

Жамшиова Г

Таушық ауылы, 2024 жыл

Тақырыбы: «Барлығына рахмет!»

Мақсаты: Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, Алғыс туралы кеңінен түсінік беру.

Дамытушылық: Үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту.

Тәрбиелік: Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.

Балалар тізбектеліп, бір - бірлеріне тілек білдіріп шықты.



Алғыс — біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рахмет айтуы. Алғысты сөзбен немесе қимыл, іс - әрекет, заттай сыйлық беру, тіпті жақсы қарым - қатынас түрінде де білдіруге болады. Әркім Алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым - қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. Қазақ халқының ұғымында неғұрлым көп Алғыс алған адам бақытты болады. “Алғыспен ер көгерер” деген мәтел соған меңзейді.

Балалар, балабақша басшысы мен тәрбиеші апайларды, аспазшы, көмекші апайлар мен кіші қызметкерлер апайларды алғыс күнімен құттықтады.

Өздерінің алғыс айту мереке қарсаңында жылы лебіздерімен құттықтауларын тәттілерімен қоса әрбір жанның жүрегінен жылы орын ала білді.



- Балалар, алғысты кімге айтамыз?
- Анаға – өмір сыйлағаны үшін,
- Әкеге – қорған болғаны үшін,
- Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,
- Сөзге – жанды жылытатыны үшін,
- Күнге – шуағы мен назары үшін,
- Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,
- Досқа – құшағы мен иығы үшін,
- Әжеге – ыстық алақаны үшін,
- Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,
- Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,
- Отқа – жылулығы үшін..

МАТ «Алтын сақа» тобының бүлдіршіндері осылайша 1-наурыз Алғыс айту мерекесі қарсаңында барлығына рахметін, алғысын айтып өз құттықтауларын жолдады.